


4- ПРОПОРЦИОНАЛ ШАМАНЫ ТАБУҒА БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕР.



- Жай және құрама есептерді шығару процесінде шамалар арасындағы байланыстар туралы білімді бекітумен бірге мүмкіндігіне қарай үш шаманың біреуінің, үшінші шама өзгермеген жағдайындағы екіншісінің өзгеруіне байланысты өзгеруін бақылап отырған ЖӨН.





Шешуін мынадай кестеге жазған тиімді:

Блокноттың бағасы	Блокноттың саны	Блокноттың құны
5	2	10
5	3	15
5	4	20
5	12	60
5	a	5a

Мысалы, бір сюжетке негізделген бірнеше есептерді шығару жаттығулары ұсынылады: "Блокнот 5 теңге тұрады.

2 блокнот қанша тұрады?

3 блокнот ше?

4 блокнот ше?

12 блокнот ше?

А блокнот ше?"



- Шамалардың өзгеруін байқай отырып, балалар мына жағдайды анықтайды:
- егер блокноттарды бірдей бағамен сатып алып, олардың санын арттырса немесе кемітсе, олардың құны артады немесе кемиді. Басқа тәуелділікті де байқауға болады: егер блокноттардың санын бірнеше есе арттырса немесе кемітсе, онда олардың бағасы өзгермеген жағдайда құны сонша есе артады немесе кемиді.



- "Оқушы бірдей бағамен 6 тор дәптер және 9 жолды дәптер сатып алды. Тор дәптерлер үшін ол 42 теңге төледі. Ол жолды дәптер үшін қанша ақша төледі?"



Есеппен жұмыс:

1) Түрін анықта:

(4- пропорционал шаманы табуға берілген есеп)

2) Дайындық жұмысы

Тұрақты шаманы табуға есеп құрастыру:

3) Мазмұнын талдау

Есепте не туралы айтылған? (Дәптер туралы).

Есепте не белгілі? (6 тор дәптер 42 теңге тұратыны).

Есепте не белгісіз? (1 дәптердің қанша теңге тұратыны).

Есеп нені сұрайды? (9 жолды дәптердің қанша теңге тұратыны).

4) Талдау

Есептің сұрағына бірден жауап беруге бола ма? (Болмайды)

Неліктен? Себебі 1 дәптердің қанша теңге тұратынын білмейміз. Ал оны табуға бола ма? (Болады.)

Қандай амал қолданамыз? (Бөлу).

Енді есептің сұрағына жауап беруге бола ма? (Болады).

Қандай амал қолданамыз? (Көбейту).

а) Самат 10 дәптер, ал Қанат одан 4 дәптер артық сатып алды. Жанат 5 дәптер сатып алды. Қанат неше дәптер сатып алды?

б) Шалғында 4 қоян, 5 ақ тиын секіріп ойнап жүр, оларғатағы да 2 қоян келіп қосылды. Шалғында барлығы неше қоян ойнап жүр?

А)Мотоциклші 30км/сағат жылдамдықпен жүргенде 150 км жолға қанша уақыт жұмсайды? 50км/сағат жылдамдықпен ше?

Ә)Шешей әрқайсысы 2кг тарататын 3 қап ұн сатып алды. Шешей неше кг ұн алған?

- Б) Менің ата-анам маған үнемі қамқор болады және мені өте жақсы көреді. Өткенде анам маған 32 алма алып келді, сол күні менің 6 досым үйге қонақ болып келген еді, анамның маған үнемі қолыңдағы барыңмен достарыңмен бөлісіп жүр деген ақылын есіме алып, бәрімізге теңдей алмадан бөліп алдық және тап сондай алманы ата-анама да алып қалдым. Алмаларды біз нешеден бөліп алдық?

Сапырып-сапырып Сарманға бер,
Құйып-құйып Құрманға бер,
Есіктегі екеуге бер,
Төрдегі төртеуге бер
Өзің іш те маған бер деген екен.

Мұны естіген ұрылар –
«Қой мұнымыз болмас.

Бұл үй толы кісі болды,
әрі бізден екі есе артық екен,
кетейік»-деп кетіп қалыпты.

Кемпір тапқырлығымен
ұрылардан осылай аман қалыпты.

Сонда үйдегі адам нешеу, ұры қанша?

Жауабы: 10 адам, 5 ұры



Тағамды алу үшін:
Түйе, бота маң басқан,
Төрт аяғын тең басқан.
Шұнақ құлақ бес ешкі
Қос лақты қос ешкі
Төрт қозылы екі қой
Бәрін білсең санап қой.

Жауабы: 17



Салат алу үшін:

Қарт ұста баласын мық шеге жасауға үйретті.

Әке! – деді баласы. Бір етікке неше мық шеге керек?

Бір етікке жұмсалатын мықты 2 есе азайтып, одан 20 шеге шегерсең, 7 мық қалады. Сонда қанша болғаны, балам? – деді әкесі.

Жауабы: 54 мық.



